

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ – ШЕТ ЖҮРСЕ ДЕ, ЕЛ СҮЙРЕГЕН ҚАЛАМҒЕР

Ширинбеков Дастан Медетбек ұлы

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті “Қазақ тілі және әдебиеті”  
бағытының II курс студенті.

Байзаков Жандос

Ғылыми жетекші:

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университетінің ұстазы,  
доцент, Phd докторы.

### АННОТАЦИЯ

Қазақтың дарынды ақын-жазушыларының бірі болған, көркем сөздің шебері, қоғам және мемлекет қайраткері, өзінің публицистік шығармалары мен халық арасында өшпес мұра қалдырған ерекше тылсым күш пен әдебиет қайраткері – Қабдеш Жұмаділов. Қабдеш Жұмаділов халқының өзге елдегі, өзге жердегі халықпен жасап келе жатқан тұрмыс-тіршілігі мен аянышты жағдайын ашық суреттеп, қағаз бетіне түсіре алған батыр, ержүрек қоғам қайраткері еді.

**Кілт сөздер:** публицист, ақын, гимназия, проза, филология, баспахана.

### ABSTRACT

Kabdesh Zhumadilov was one of the most talented Kazakh poets and writers, a master of the artistic word, a public and statesman with a unique mystical power, and a literary figure who left an indelible legacy among his journalistic works and people. Kabdesh Zhumadilov was a hero, a brave public figure who was able to clearly describe and write down on paper the life and tragedy of his people in another country and in other places.

**Keywords:** publicist, poet, gymnasium, prose, philology, printing house.

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылдың 24 сәуір күнінде Қытай елінің Шыңжаң өлкесіндегі, Тарбағатай аймағына қарасты Малдыбай ауылында дүниеге келеді. Найман тайпасының Төртуыл руынан шыққан. Алғашқы білімін 1944-1947 жылдар өз әкесі салдырған Сібетідегі бастауыш мектепте алған Қабдеш, одан кейін, 1949 жылдан Шәуешектегі жеті жылдық қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. 1952-1956 жылдары Шәуешек гимназиясында оқыды.

Қабдеш Жұмаділов Шәуешекте оқып жүрген сәтінен-ақ, өлеңдер мен әңгімелер жаза бастады. Оның алғашқы қалам алды туындысы – 1954 жылы

Үрімшіде шығатын «Шыңжаң газетінде» басылып шықты. Оның бұл туындысы Қабдешті ақындық қызметін жалғастырып, дамыта түсуінде үлкен рөл атқарды. 1956 жылда Қытай үкіметінің жолдамасымен ол Алматыдағы «Қазақ мемлекеттік университетіне» келіп, сондағы филология факультетіне оқуға түседі. Осы жылы ол «Шұғыла» атты журналының алғашқы басылымында, өзінің «Жамал» атты алғашқы әңгімесін бастырып шығарады. Алайда, ақынның Алматыдағы оқуы көпке созылған жоқ. 1958-1962 жылдардағы екі ел арасындағы саяси жағдай оның өміріне де өз ықпалын тигізбей өтпеді. Оны Қытай өкіметі оқудан қайтарып алып, басын қуғын-сүргінге салды. Бірақ Қытай өкіметінің бұл амалдары көпке созылған жоқ. Қанша қорлыққа түссе де, өз жолынан арылмаған Қабдеш те, бір топ қазақтармен бірге, 1962 жылда империяның Бақты шекарасын басып өткен көшке ерген жастармен бірге атамекенге қайта оралады.

Қабдеш Жұмаділов өлеңдер жазумен қатар, проза жанрында да елеулі еңбектер жазған. Оның шығармалары негізгі тақырыбы өзі өмір сүрген ортаның өмірімен тығыз байланыста болып туды да, сол жолдан аумай дамып өрбіді. Мұсапірлікке түскен халықтың тұрмысын жарытқандықтан оның шығармалары жедел көзге түсіп, халықтың сүйікті жазушыларының қатарында болды. Оның алғашқы өлеңдер жинағы 1966 жылда «Жас дәурен» атты кітап болып, Алматы қаласында басылып шықты. Бұл шығармасы оның көптеген туындыларының басылып шығуына жол ашты.

1974 жылда Қабдеш Жұмаділов өзінің «Соңғы көш» атты роман-диалогиясының алғашқы кітабын жазып шығарды. Бұл роман екі кітаптан құралып, мұнда ақын қазақ халқының тұрмыс-салтының, қоғамның ғасырлар бойы дамып, өзіндік ерекше мәдениеті мен бірге жасап келе жатқан шежіре. Бұл шығармада қазақтың көшпенді өміріндегі кездесетін сан қилы сынақтар, көшпенді тұрмыстың мәдениетке тигізетін ықпалын, сан ғасырлар бойы аузынан «қанағаты» мен «тәубесі» түспеген халықтың гуманистік әрі демократшылдық көзқарастарын жинақтай келіп, адамның өмірге келіп-кетер қонақ екендігін терең түйсінген, көңілі жайсан, жүрегі мәрт, қайсар халықтың шынайы келбетін ашық-айқын суреттеп береді. Романның «Соңғы көш», – деп аталуында да, ерекше мін бар. Бұл атауда қазақ халқының соңғы көші болмыс – көшпенділіктен отырықшылдық тұрмысқа көшу процессі мен адамдарға рухани күдіреттен материалдық күштің артық келуі сынға алынып, ерекше сыр шерте келіп жазылған. Бұл кітаптың екінші бөлімі 1981 жылда баспа бетін көрді. Міне, осындай ерекше сезімдерге бөлейтін роман өзінің шынайылығы мен қайталанбас рухта жазылғандығымен әдебиетшіл ғалымдар мен халықтың назарына түсіп, 1983 жылда жазушыға Мұхтар Әуезов атындағы әдеби сыйлығы тарту етілді.

Бірақта, ол бұл романмен тоқталып қоймай, өзінің прозалық шығармалары мен романдарының санын көбейтіп, елдің көңілінен шығып отырды.

1989 жылда жазушы ата қонысы Шыңжаңға сапар шегіп, туылып өскен жерін аралап қайтты. Арада отыз жыл өтсе де, туған жерге деген сағынышы басылмаған жанның көңіліне тыныштық табу үшін сапар шегуге бет бұрды. Ол жасының өтіп, алыс жолдың тудыратын қиындықтарына төзіммен қарап, бұл сапарға жол тартуы үлкен ерлік, әрі, балалық сағынышы басым қызмет атқарды десек адаспаған боламыз. Ата қонысқа болған сапардан соң бір жыл өтіп, яғни, 1990 жылда ол өзінің 1988 жылда басып шығарған «Тағдыр» атты романы үшін «Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының» иегері атанды.

Жазушы аудармашылық саласында да көп жұмыстар атқарды. Ол өзінің көптеген әңгімелері мен романдарын орыс, түрік тілдерінде аударып отырды. Ол көбірек өз шығармаларын орыс тіліне аудармалар жасады. Әрі, бірде-бірін қалдырмай баспадан шығартырып отырды. оның шығармаларын бүгінгі күннің жасиары сүйсініп оқыса, қарттары түгелдей жатқа алған десек еш адаспаған боламыз. Өйткені, бұл туындылар ешқашан қайталанбайтын, әрі, дара, әрі, дана нар тұлғаның қаламынан туған. Өкінішке орай, 2021 жылдың 5 сәуір күнінде Қабдеш Жұмаділов Алматы қаласында 85 жасында өмірден озды. Дегенмен, оның өз көзі тірісінде-ақ, 1998 жылда ҚР-ның бірінші президенті Н. Назарбаевтің жарлығымен оған «Қазақстанның халық жазушысы» деген аса құрметті атағы берілгені ол кісінің армандарының азғана болса да, орындалғанына көз жеткіземіз.

Қорыта айтқанда: Қабдеш Жұмаділов – көптеген жас әдебиетшіл ғалымдарға өрнек бола алатын, ешқашан мұрасы жоғалмай, шығармалары әр заманда да, өз бейнесін әрқашан тауып отыратын білімдер кенішін жаратып кеткен дарынды қаламгерлердің бірі еді. Оның шығармашылық өмірінде көрген қиындықтары мен бес күндік жалған дүниеде бастан кешкен азапты күндері, оның өз шығармаларында көркем сөзбен, шынайы махаббатпен, әсем де, нәрлі сезімдермен үйлестіріп келе жазылған ерекше туындылар. Бұл туындыларды оқу – адамға өз жолын табуда талапты, білімді, әрі, батылдылықпен іс көрсете алатын кемел тұлға болуды талап етеді. Және өз жол көрсететін шырақ қызметінде тұрады. Демек, біз болашақ ұрпақ мұндай ақын-жазушыларымыздың өмірі мен шығармашылықтарын зерттей отырып, олардың әлі күнге дейін ашылмаған қыр-сырын ашуға талап етуіміз, қиынға төзімділік танытып, білім қуудан жалықпауымыз шарт. Бұл – заман талабы!

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. Қазақстан жазушылары. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1982.
3. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19004>
4. Жұмаділов Қ. К. Таңғажайып дүние: ғұмырнамалық роман. — Алматы: Тамыр, 1999.